

**2010 жылға ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2010 жылғы 2 маусымдағы № 29-193 шешімі. Ақмола облысы Зеренді ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 маусымда № 1-14-136 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2014 жылғы 5 қарашадағы № 196 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 05.11.2014 № 196 хатымен).**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 7 бабы 3 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және Ережесін бекіту туралы» қаулысының 2 тармағына сәйкес, Зеренді ауданының мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2010 жылға келесі әлеуметтік қолдау шаралары белгіленсін:

- 1) жетпіс есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау – алты жүз отыз есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып белгіленсін.

2. Осы шешім Зеренді ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелгеннен күнінен күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы:*

*И.Поздняков*

*А у д а н д ы қ*

*м ә с л и х а т т ы н*

*хатшысы:*

*Қ.Ауғалиев*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*Зеренді ауданының әкімі*

*Е.Сағдиев*

*Зеренді ауданының экономика  
және бюджеттік жоспарлау*

*бөлімінің бастығы*

*Р.Ғабдуллина*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК